



ТҰРПАЖ- ҚАЗАЛЫ

№53
(2431)

Сәрсенбі
15 шілде
2026 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАРҒА «КҮМІС АЛҚА» ТАБЫСТАЛДЫ



Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес көпбалалы аналарға «Күміс алқа» мемлекеттік наградаларын салтанатты түрде табыстады.

Отбасы құндылықтарын дәріптеу, аналардың қоғамдағы ерекше орнын насихаттау және олардың еңбегіне құрмет көрсету мақсатында өткен кездесуге ауданның ардақты аналары қатысты.

Салтанатты шарада аудан әкімі аналарды марапаттарымен құттықтап, олардың отбасы берекесін

сақтаудағы, саналы ұрпақ тәрбиелеудегі және қоғамның дамуына қосып отырған өлшеусіз үлесін ерекше атап өтті.

– Ана – мейірімнің қайнары, отбасының берекесі, ұлттың ұйытқысы. Ұрпақ тәрбиесі – ел болашағының негізі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Мемлекетіміз аналарды, балаларды және отбасыларды қорғауға ерекше көңіл бөледі», – деп атап өткен болатын. Бұл – елімізде отбасы институтын нығайту мен ана мәртебесін арттыруға айрықша мән берілетінінің айқын

дәлелі. Сіздердің қоғамдағы орындарыңыз әрдайым биік, еңбектеріңіз қашанда құрметке лайық, – деді аудан басшысы.

Бүгінде Қазалы ауданында 1924 батыр аналарымыз бар. Оның ішінде 674 ана «Алтын алқа», 1187 ана «Күміс алқа», 22 «Батыр ана» және 41 анамыз «Ана даңқы» иегері атанып, мемлекетіміздің жоғары марапатына ие болған. Бұл – ауданымыздағы отбасы институтының нығайуының, ана еңбегіне деген құрметтің және демографиялық өсімнің жарқын көрінісі.

Қазіргі таңда ауданда 3485 көпбалалы

отбасыға мемлекет тарапынан жәрдемақы төленуде. Бұдан бөлек, мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған және әлеуметтік қолдауды қажет ететін аналарға үйде арнаулы әлеуметтік қызметтер жүйелі түрде көрсетілуде.

Кездесуде аудан әкімі мемлекет тарапынан аналар мен балаларды қолдау әрдайым басым бағыттардың бірі болып қала беретінін айтып, аудан көлемінде көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға көрсетілетін әлеуметтік қолдау шаралары алдағы уақытта да жалғасатынын жеткізді.

Салтанатты рәсімде Президент Жарлығына

сәйкес марапатқа ие болған аналарға «Күміс алқа» белгілері табысталып, оларға гүл шоқтары мен арнайы сыйлықтар ұсынылды.

Шара соңында Роза Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығының өнерпаздары аналарға арнап ән-жырдан шашу шашып, мерекелік концерттік бағдарлама ұсынды.

Кездесу соңында аудан әкімі марапат иелеріне зор денсаулық, отбасыларына амандық, ұрпақтарының қызығын көріп, ел игілігі жолындағы еңбектері еселене беруіне тілектестік білдірді.

ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР ЖОЛЫ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ САПАСЫН БАҚЫЛАДЫ



Биыл тұрғындардың қауіпсіз әрі қолайлы жүріп-тұруына жағдай жасау бағытында Әйтеке би кентіндегі Т.Бөріқұлақов, 5 квартал аумағындағы Жетес би көшелеріне жаяу жүргіншілер жолын салу жұмыстары басталған болатын.

Қазіргі таңда Т.Бөріқұлақов көшесіндегі ұзындығы 2,5 шақырым жаяу жүргіншілер жолының құрылысы аяқталуға жақын, асфальт төсеу жұмыстары толық аяқталуда. Ал, ұзындығы 1,6 шақырым Жетес би көшесіндегі жаяу жүргіншілер жолына алдағы күндері асфальт төсеу жұмыстары басталады.

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов Т.Бөріқұлақов көшесіндегі құрылыс жұмыстарының барысын арнайы барып көріп, мердігер мекеме өкілдері мен жауапты сала мамандарына жұмыстың сапасын қатаң бақылауда ұстауды тапсырды.

Сондай-ақ, тұрғындар игілігі үшін салынып жатқан әрбір инфрақұрылым нысаны белгіленген талаптарға сай, сапалы әрі уақытылы аяқталуы қажет екенін ескертті.

Аудан орталығындағы салынып жатқан жаяу жүргіншілер жолдарының құрылысы шілде айының аяғына дейін толық аяқталып, пайдалануға берілетін болады.

Қазалы ауданы әкімінің
баспасөз қызметі

ҚОС САЛАНЫҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ АТАЛЫП ӨТІЛДІ

Қазалы ауданында Су шаруашылығы мен Ветеринария саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекелеріне орай салтанатты шара өтіп, қос саланың үздіктері марапат төрінен көрінді.

Әйтеке би кенттік мәдениет үйінде өткен мерекелік шараға аудан әкімі Алмасбек Есмаханов арнайы қатысып, сала мамандарын мерекелерімен құттықтап, ізгі лебізін білдірді.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев еліміздің орнықты дамуы үшін су қауіпсіздігі мен ветеринариялық қауіпсіздіктің стратегиялық маңызын үнемі айтып келеді. Қазалы ауданында су шаруашылығының қалыптасу тарихы да тереңнен бастау алады. Бүгінде аудан аумағында су жүйелерінің қалыпты жұмысын қамтамасыз етіп, су пайдаланушыларға суды уақытылы жеткізу, каналдар мен гидротехникалық нысандардың жұмысын күнделікті бақылау бағытында «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қызылорда филиалының Қазалы өндірістік учаскесі, Ә.Тыныбаев атындағы су торабы, «Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырларын пайдаланушы» Қазалы өндірістік бөлімшесі, «Қазалы-Су Сервис» және «Байқожа» топтық су құбыры халыққа қызмет көрсетуде. Бұл мекемелерде 400-ге жуық маман ел игілігі жолында аянбай еңбек етуде.



«Медицина адамды емдейді, ал ветеринария адамзатты емдейді» деген қанатты сөздің мәні өте терең. Ветеринария – тек мал саулығын ғана емес, адам денсаулығын, азық-түлік қауіпсіздігін, экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ететін маңызды сала. Бүгінде ауданымыздың ветеринария саласында 128 қызметкер халық игілігі жолында қызмет атқаруда.

Қос саланың қалыптасуы мен дамуына, өлшеусіз үлес қосқан сала ардагерлері мен қызметкерлеріне ерекше ризашылығымды білдіремін, – деді аудан әкімі.

Мерекелік жиында қос салада жемісті еңбек етіп жүрген сала үздіктеріне ҚР Су ресурстары және Ирригация министрлігінің Құрмет грамотасы және Алғыс хаты, ҚР Ауыл шаруашылығы

министрлігі Ветеринарлық бақылау және қадағалау комитеті басшысының, облыс әкімі мен облыс әкімі орынбасарының және аудан әкімінің Алғыс хаттары, Қазалы ауданының Құрмет грамотасы, Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының III дәрежелі «Еңбек даңқы» медалі табысталды.

Салтанатты шара әрі қарай аудан өнерпаздарының мерекелік концертімен жалғасты.

Президентіміздің, Үкіметтің және аймақ басшысының қолдауымен ауданымызда су шаруашылығы мен ветеринария саласында ауқымды жобалар жүзеге асырылуда.

Мәселен, өткен жылы «Сарыбұлақ», «Шилі», «Шәкен», «Шитүбек» елді мекендерін таза ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында мемлекетке

қайтарылған активтер есебінен, республикалық және облыстық бюджеттен, сондай-ақ, арнайы есепшоттан 1,5 млрд. теңге бөлініп, аудан халқы 100 пайыз таза ауыз сумен қамтамасыз етілді. Ауданның сол жағалауындағы 1-ГД, 2-ГД, К-3-2 қашыртқылар жүйесін реконструкциялау мен механикалық тазалау жұмыстары қолға алынды. «Қызылқұм» ауылдық округіндегі Нартай каналын механикалық тазалау жұмыстары қолға алынып, бүгінде 2-ГД қашыртқысын тазалау жұмыстары жүргізілуде. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі тарапынан 2027 жылы Қазалы ауданында 7 каналды бетондау жобасы жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта жобалық-сметалық құжаттары әзірленуде.

Ал, соңғы төрт жыл ішінде ауданның ветеринария саласына 11 арнайы техника берілген. Биылғы жылдың соңына дейін тағы 11 арнайы техниканы жеткізу жоспарланып отыр. Бұдан бөлек өткен жылы ауылдық округтердегі ветеринариялық пункттерге 20 компьютер жиынтығы мен 20 термочемодан берілді. Бұл – сала қызметкерлерінің еңбек жағдайын жақсартып, қызмет сапасын арттыруға бағытталған нақты қолдау.

**Қазалы ауданы әкімінің
баспасөз қызметі**

ӨСІМДІКТЕР КАРАНТИНІ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР

ҚР АШМ АӨК МИК Мемлекеттік инспекция комитетінің Қазалы аудандық аумақтық инспекциясы мемлекеттік қызмет көрсетумен айналысады. Атап айтқанда:

1) Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат беру;

2) Ғылыми-зерттеу мақсатында карантиндік объектілерді әкелуге келісімхат беру;

3) Астық пен оның өңделген өнімдерін карантиндік арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары мен жемістерін тіршілік ету қабілетінен айыруды қамтамасыз ететін технологиялар бойынша өңдеу және (немесе) қаптама материалын залалсыздандыру мен таңбалауды жүзеге асыратын объектілерді есепке алу нөмірін беру.

2023 жылдың 1 тамызынан бастап, «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы №15-08/590 бұйрығына 2023 жылғы 1 маусымдағы №211 бұйрығымен өзгеріс енгізіліп, Өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығына сәйкес фитосанитариялық сертификатты беру мерзімі 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2024 жылғы 26 маусым күнгі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы №15-08/590 «Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау

жөніндегі қағиданы бекіту туралы» бұйрығына өзгеріс енгізу туралы №222 бұйрығына («Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағиданы бекіту туралы» 2 тараудың 5 параграфы алып тасталды.) сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында облысаралық тасымал кезінде карантиндік сертификат беру мемлекеттік қызметі алынып тасталғаны туралы хабарлаймыз.

Қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар www.e.gov.kz «электронды үкіметтің» веб-порталы арқылы өтінім бере алады. Сонымен қатар, инспекцияда жеке және заңды тұлғалардың өтінім беру процесін жеңілдету мақсатында, «өзіне-өзі қызмет көрсету» бұрышы да

ұйымдастырылған. Өтінім келіп түскеннен кейін, инспекцияда ұйымдастырылған «бір терезе» қағидаты бойынша орындаушыға жолданып, өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор өнімінің фитосанитариялық жай-күйін жете тексеруге барады, қажет болған жағдайда үлгілер алып, фитосанитариялық сараптамаға жібереді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу барысында кедергілер немесе қосымша сұрақтар туындаған жағдайда 21-7-60 немесе ұялы байланыс 8776-178-9686 номерлері арқылы хабарласуға болады.

**Сұлтан ҚУАТБАЙ,
ҚР АШМ АӨК МИК
Қазалы аудандық
аумақтық инспекциясының
өсімдіктерді қорғау және
карантині жөніндегі
мемлекеттік инспекторы**

●Хабарландыру

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясының бұқаралық ақпарат құралдарына және онлайн-платформаларды пайдаланушыларға арналған сайлау алдындағы үгіт материалдарына орналастыру

ақысының мөлшері мен шарттарын жариялау жөніндегі ақпараттық хабарламасына орай үгіт –насихат материалдарын «Тұран-Қазалы» газетіне орналастыру бойынша өз қызмет құнын ұсынады.

«Тұран-Қазалы» газеті 2003 жылдың 5 қаңтарынан бастап шығып келеді.

Шығарылымы аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері.

Таралымы -11507 дана.

Газеттің бір шаршы

сантиметрінің құны -140 теңге.

Мекен –жайымыз: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Байланыс телефондары:

8(72438) 21-7-49,

E.mail: tooturankazaly@bk.ru

2026 ЖЫЛҒЫ 23 ТАМЫЗҒА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫНА СӘЙКЕС ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША ҮГІТТІК БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ ОРЫНДАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

№	Елді мекеннің атауы	Орналасқан жері
1	Әйтеке би кенті	Әйтеке би көшесі № 50 мекен-жайында орналасқан «Қазалы ауданының қоғамдық даму бөлімі» КММ-нің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ғимаратына қарама-қарсы
2	Әйтеке би кенті	Әйтеке би көшесіндегі темір жол вокзалына қарама-қарсы
3	Әйтеке би кенті	Жанқожа Нұрмұхаммедұлы көшесі № 126 А мекен-жайында орналасқан «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалы Қазалы аудандық бөлімі ғимаратына қарама-қарсы
4	Әйтеке би кенті	Қашақбай Пірімов көшесіндегі Қазалы мәдени-демалыс кешеніне қарама-қарсы
5	Әйтеке би кенті	Жанқожа Нұрмұхаммедұлы көшесі № 112 мекен-жайында орналасқан «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Қазалы ауданының Қорқыт ата атындағы өнер мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына қарама-қарсы
6	Әйтеке би кенті	Қашақбай Пірімов көшесінің бойындағы орталық алаңға қарама-қарсы
7	Қазалы қаласы	Үрмаш Түктібаев көшесі № 43 А мекен-жайында орналасқан Қазалы қаласы әкімі аппаратының «Қалалық мәдениет Үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы
8	Қазалы қаласы	Жалаңтөс батыр көшесіндегі Ардагерлер алаңына қарама-қарсы
9	«Майлыбас» ауылдық округі, «Ақсуат» ауылы	Аманкелді көшесі № 21 мекен-жайында орналасқан «Майлыбас» ауылдық округі әкімі аппаратының «Ақсуат ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы
10	«Майлыбас» ауылдық округі, Байқожа станциясы	Жалғасбек Байділдаев көшесі №64 мекен-жайында орналасқан «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданының білім бөлімінің №258 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратына қарама-қарсы
11	«Майлыбас» ауылдық округі, «Майлыбас» станциясы	«Майлыбас» көшесі № 8 мекен-жайында орналасқан ғимаратқа қарама-қарсы
12	«Өркендеу» ауылдық округі, Жанкент ауылы	Қорқыт Ата көшесі № 23 мекен-жайында орналасқан «Өркендеу» ауылдық округі әкімі аппаратының «Өркендеу ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы
13	«Сарыкөл» ауылдық округі, Абай ауылы	Зейнулла Шыраев көшесі №4 мекен-жайында орналасқан «Сарыкөл» ауылдық округі әкімі аппаратының «Абай ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы
14	«Арықбалық» ауылдық округі, Жанқожа батыр ауылы	Әйтеке би көшесі № 33 мекен-жайында орналасқан «Арықбалық» ауылдық округі әкімі аппаратының «Жанқожа батыр ауылдық мәдениет Үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы
15	«Аранды» ауылдық округі, Қожабақы ауылы	Темірбай Емешұлы көшесі № 28 мекен-жайында орналасқан «Аранды» ауылдық округі әкімі аппаратының «Қожабақы ауылдық мәдениет Үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы
16	«Аранды» ауылдық округі, «Аранды» ауылы	Өтжан Нұрымбетұлы көшесі бойындағы медициналық пунктке қарама-қарсы
17	«Майдакөл» ауылдық округі, Бекарыстан би ауылы	Е.Тілеубаев көшесі № 19 мекен-жайында орналасқан «Майдакөл» ауылдық округі әкімі аппаратының «Бекарыстан би ауылдық мәдениет Үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы
18	«Бозкөл» ауылдық округі, «Бозкөл» ауылы	Қожали Өтепбергенов көшесі бойындағы аялдамаға қарама-қарсы
19	«Қарашеңгел» ауылдық округі, Жалаңтөс батыр ауылы	Әбнағи Ыбыраев көшесі № 18 мекен-жайында орналасқан «Жалаңтөс батыр ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы
20	«Алға» ауылдық округі, Түктібаев ауылы	Байжігіт Әбдіразақов көшесі № 49 мекен-жайында орналасқан «Алға» ауылдық округі әкімі аппаратының «Үрмәш Түктібаев ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы
21	«Келарық» ауылдық округі, Ақтан батыр ауылы	Ақтан Батыр көшесі № 3 мекен-жайында орналасқан «Келарық» ауылдық округі әкімі аппаратының «Ақтан батыр ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы
22	Басықара ауылдық округі, Басықара ауылы	Кәдірбай Есенов көшесі бойындағы «Мадияр» сауда дүкеніне қарама-қарсы
23	«Құмжиек» ауылдық округі, Қ.Пірімов ауылы	Ғани Мұратбаев көшесі № 37 А мекен-жайында орналасқан «Құмжиек» ауылдық округі әкімі аппаратының «Қ.Пірімов ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы
24	«Қызылқұм» ауылдық округі, «Кәукей» ауылы	Ғани Мұратбаев көшесі № 14 мекен-жайында орналасқан «Қызылқұм» ауылдық округі әкімі аппаратының «Кәукей ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы
25	«Қызылқұм» ауылдық округі, «Ажар» ауылы	Ажар көшесі № 14 мекен-жайында орналасқан ғимаратқа қарама-қарсы
26	Ғани Мұратбаев ауылдық округі, Мұратбаев ауылы	Ғани Мұратбаев көшесі № 7 мекен-жайында орналасқан Ғани Мұратбаев ауылдық округі әкімі аппаратының «Ғ.Мұратбаев ауылдық мәдениет Үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы
27	«Ақжона» ауылдық округі, «Майдакөл» ауылы	Орталық көшесі № 29 мекен-жайында орналасқан «Ақжона» ауылдық округі әкімі аппаратының «Майдакөл ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы
28	«Бірлік» ауылдық округі, «Бірлік» ауылы	Тәуелсіздік көшесі № 45 мекен-жайында орналасқан «Бірлік» ауылдық округі әкімі аппаратының «Бірлік ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы
29	«Шәкен» ауылдық округі, «Шәкен» ауылы	«Шәкен» көшесі нөмірсіз мекен-жайында орналасқан «Шәкен» ауылдық округі әкімі аппаратының «Шәкен ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы
30	«Сарыбұлақ» ауылдық округі, «Сарыбұлақ» ауылы	«Сарыбұлақ» көшесі № 61 мекен-жайында орналасқан «Сарыбұлақ» ауылдық округі әкімі аппаратының «Сарыбұлақ ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы
31	«Тасарық» ауылдық округі, «Тасарық» ауылы	«Тасарық» көшесі № 32 мекен-жайында орналасқан «Тасарық» ауылдық округі әкімі аппаратының «Тасарық ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы
32	«Тасарық» ауылдық округі, «Лақалы» ауылы	«Лақалы» көшесі № 51 мекен-жайында орналасқан «Тасарық» ауылдық округі әкімі аппаратының «Лақалы ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы

Қазалы ауданының әкімдігі

2026 ЖЫЛҒЫ 23 ТАМЫЗҒА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫНА СӘЙКЕС ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУГЕ АРНАЛҒАН ОРЫНДАР (ҮЙ-ЖАЙЛАР) ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

№	Елді мекеннің атауы	Кездесу үшін үй-жайлар
1	Әйтеке би кенті	«Қазалы ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Роза Бағланова атындағы аудандық мәдениет Орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
2	Әйтеке би кенті	Әйтеке би кенті әкімі аппаратының «Әйтеке кенттік мәдениет Үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
3	Әйтеке би кенті	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Оқушылар Үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
4	Қазалы қаласы	Қазалы қаласы әкімі аппаратының «Қалалық мәдениет Үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
5	«Майлыбас» ауылдық округінің «Ақсуат» ауылы	«Майлыбас» ауылдық округі әкімі аппаратының «Ақсуат ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
6	«Өркендеу» ауылдық округінің «Жанкент» ауылы	«Өркендеу» ауылдық округі әкімі аппаратының «Өркендеу ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
7	«Көлалық» ауылдық округінің Ақтан батыр ауылы	«Көлалық» ауылдық округі әкімі аппаратының «Ақтан батыр ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
8	«Бірлік» ауылдық округінің «Бірлік» ауылы	«Бірлік» ауылдық округі әкімі аппаратының «Бірлік ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
9	«Ақжона» ауылдық округінің «Майдакөл» ауылы	«Ақжона» ауылдық округі әкімі аппаратының «Майдакөл ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
10	«Қызылқұм» ауылдық округінің «Кәукей» ауылы	«Қызылқұм» ауылдық округі әкімі аппаратының «Кәукей ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
11	«Алға» ауылдық округінің Түктібаев ауылы	«Алға» ауылдық округі әкімі аппаратының «Үрмәш Түктібаев ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
12	«Құмжиек» ауылдық округінің Пірімов ауылы	«Құмжиек» ауылдық округі әкімі аппаратының «Қ.Пірімов ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
13	«Сарыкөл» ауылдық округінің Абай ауылы	«Сарыкөл» ауылдық округі әкімі аппаратының «Абай ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
14	«Тасарық» ауылдық округінің «Лахалы» ауылы	«Тасарық» ауылдық округі әкімі аппаратының «Лахалы ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
15	«Тасарық» ауылдық округінің «Тасарық» ауылы	«Тасарық» ауылдық округі әкімі аппаратының «Тасарық ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
16	«Шәкен» ауылдық округінің «Шәкен» ауылы	«Шәкен» ауылдық округі әкімі аппаратының «Шәкен ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
17	«Сарыбұлақ» ауылдық округінің «Сарыбұлақ» ауылы	Сарыбұлақ ауылдық округі әкімі аппаратының «Сарыбұлақ ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
18	Басықара ауылдық округінің Басықара ауылы	Басықара ауылдық округі әкімі аппаратының «Басықара ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
19	«Қарашеңгел» ауылдық округінің Жалаңтөс батыр ауылы	«Қарашеңгел» ауылдық округі әкімі аппаратының «Жалаңтөс батыр ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
20	«Аранды» ауылдық округінің Қожабақы ауылы	«Аранды» ауылдық округі әкімі аппаратының «Қожабақы ауылдық мәдениет Үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
21	«Аранды» ауылдық округінің «Аранды» ауылы	«Аранды» ауылдық округі әкімі аппаратының «Қожабақы ауылдық мәдениет Үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының «Аранды» ауылдық клубы
22	«Арықбалық» ауылдық округінің Жанқожа батыр ауылы	«Арықбалық» ауылдық округі әкімі аппаратының «Жанқожа батыр ауылдық мәдениет Үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
23	Ғани Мұратбаев ауылдық округінің Мұратбаев ауылы	Ғани Мұратбаев ауылдық округі әкімі аппаратының «Ғ.Мұратбаев ауылдық мәдениет Үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
24	«Майдакөл» ауылдық округінің Бекарыстан би ауылы	«Майдакөл» ауылдық округі әкімі аппаратының «Бекарыстан би ауылдық мәдениет Үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
25	«Бозкөл» ауылдық округінің «Бозкөл» ауылы	«Бозкөл» ауылдық округі әкімі аппаратының «Бозкөл ауылдық мәдениет Үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Қазалы ауданының әкімдігі**● Көңіл айту**

Қазалы ауданының әкімдігі, аудандық және ауданнан сайланған облыстық мәслихаттың депутаттары, аудандық қоғамдық кеңес және ардагерлер кеңесі ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитетінің төрағасы Серік Сермағамбетовке інісі

СЕРМАҒАМБЕТОВ АМАНГЕЛДІ САҒИТЖАНҰЛЫНЫҢ

дүниеден озуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын!

Қазалы ауданының әкімдігі, аудандық және ауданнан сайланған облыстық мәслихаттың депутаттары, аудандық қоғамдық кеңес және ардагерлер кеңесі Қазалы ауданының құрметті азаматы, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, ҚР Ақпарат саласының үздігі, белгілі журналист, ақын

ТАБЫНБАЕВ ЖҰМАБЕК АЙДАРБЕКҰЛЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын!

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.
Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru

Таралымы 11707 дана.